



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2023 жылғы 13 сәуір № 334 н/б
Астана қаласы

**2022-2023 оқу жылын аяқтау және
білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына, «2022-2023 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 бұйрығына сәйкес 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектептің оқу сабақтары 2023 жылғы 31 мамырда аяқталсын.
 2. 9 сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары 2023 жылғы 2-13 маусым аралығында өткізілсін.
 3. 11 сыныптарда білім алушылардың мемлекеттік бітіру емтихандары – 2023 жылғы 5-19 маусым аралығында өткізілсін.
 4. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:
9 -сынып оқушылары үшін:
 - 1) қазақ/орыс тілі бойынша (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан – 2023 жылғы 2 маусым;
 - 2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2023 жылғы 6 маусым;
 - 3) орыс тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2023 жылғы 9 маусым;
 - 4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика – 2023 жылғы 13 маусым;
- 11 сынып оқушылары үшін:
- 1) қазақ тілі/орыс тілі бойынша ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 5 маусым;
 - 2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 8 маусым;

3) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2023 жылғы 12 маусым;
4) орыс тілдерінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан 2023 жылғы 15 маусым;

5) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика– 2023 жылғы 19 маусым.

5. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының талаптарына сәйкес оқу жылының аяқталуының жауапкершілігі директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары А.А.Айсановаға Б.К.Курсановаға жүктелсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор



А. Сегізбай